

The page is framed by a decorative border of pink roses and buds. The roses are in various stages of bloom, with some fully open and others as tight buds. The background is a soft, light pink color.

№ 1 Алматы қазақ мемлекеттік  
гуманитарлық-педагогтік колледжі

Тақырыбы: Лексикалық  
қосымшалар тәсілі.  
Екінші тілдің тепе-тең  
бірліктерін іріктеп алу  
дағдысы

Алматы 2016

№ 1 Алматы қазақ мемлекеттік  
гуманитарлық-педагогтік колледжі

Тақырыбы: Эмоционалды-  
экспрессивті құралдарды  
аудармада сәйкестендіру  
тәсілі.

Алматы 2016

A decorative floral illustration in the bottom right corner, featuring pink and white flowers with green leaves on a thin stem.

Аудару тілінде сәйкес сөз табылмағандықтан, аудармада көрсетілмей қалған түпнұсқаның мағыналары лексикалық қосымшалар тәсілі (прием лексических добавлений) арқылы толықтырылады. Олар көбінесе түпнұсқа тілін білетін қабылдаушы (Рецепторге) имплицитті (жасырын) түрде-ақ түсінікті болады, ал аударманы қабылдаушыға жасырын түрде пайда болған мағынаны әдейі суреттеу керек.



Ауызекі сөйлеу тілінің белгілі ерекшеліктерінің бірі эмоционалды-экспрессивті реңі екені сөзсіз. Сол сөйлеудің қанық бояуларын аудару, әрине, арнайы тәсілді қажет етеді. Оны ауызекі сөйлеу тіліне тән *эмоционалды-экспрессивті құралдарды аудармада сәйкестендіру тәсілі* деп атауды ұсынамыз, себебі арнайы зерттеулерде ілеспе аударманың ерекше аудару тәсілдері түгіл жалпы мәселелерінің өзі де қарастырылмағанын жоғарыда анықтағанбыз. Мысалы, М.О.Әуезов «Ревизор» кейіпкерлерінің сөздері түпнұсқаның оқырманы мен көрермені қандай әсер етсе, аударманың қабылдаушысына да сондай әсерге жету мақсатында *эмоционалды-экспрессивті құралдарды аудармада сәйкестендіру* тәсіліншебер қолданады. Ауызекі сөйлеу тілінің заңдылықтарын сақтай отырып, кейіпкерлердің репликаларын түпнұсқадағыдай қысқа және әсерлі береді.

Мысалы:

Городничий: *Две необыкновенные крысы снились... неестественной величины...* Аудармасы: – Дуанбасы: *Түрі жаман екі егеуқұйрық түсімнен кетсінші... добалдай ...*



Дуанбасының репликасы түпнұсқада алты сөзден тұрады. Сөйлеушінің қобалжып, мазасы кетіп, өзін-өзі ұстай алмай тұрғанын сөйлеп тұрғанында еңтігіп, демін алғаны білдірсе, жазбаша тілде көп нүкте білдіреді. Осындай эмоциялық халін түпнұсқа да, аударма да, біріншіден, арнайы лексика арқылы, екіншіден, сөйлемнің үзілуі мен сөздердің қалыптасқан белгілі ретті бұзу арқылы жеткізеді. Түпнұсқадағы ‘необыкновенные’, ‘неестественной величины’ деген сөздердің бағалық семаларынан гөрі көлем, өлшем семаларының басыңқы екені анық. Аудармадағы бұл сөздер эквиваленттерінің бағалық семаларының басыңқы екеніне көзіміз жетіп отыр: ‘необыкновенные’ – ‘түрі жаман’, ‘неестественной величины’ – ‘добалдай’. Осы бағалық мағына эмоциялық семаларды тудырып, оқырманға (көрерменге) аударманың эмоциялық әсері түпнұсқаға қарағанда әлдеқайда зор. Осы тәсілді келесі сөздерді салыстырғанда да көреміз: түпнұсқада нейтралды ‘снились’ болса, аудармада ‘түсімнен кетсінші’ деп сөйлеушінің мазасызданып тұрғанын білдіреді. Сонымен, аударманың эмоционалды-экспрессивті реңінің күшеюінде күмән жоқ. Нейтралды ‘снились’ сөзіне аудармада ‘қайта-қайта’, ‘үнемі’ сияқты ұзақ мерзім мен қайталану семалар қосылған ‘түсімнен кетсінші’ деген перифраза сәйкестендірілген. Әрине, М.О.Әуезовтің аудармашы шеберлігін үңіліп зерттеу әлде де талай нәтижелерге әкеліп, толғандырады, үлгі болып ой салады.

